

"Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотынан ақшаны беру немесе аудару, сондай-ақ өндіріп алынған ақшаны өзге сот орындаушыларындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша бөлу және олардың қызметіне ақы төлеуге арналған ақшаны бөлу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 11 тамыздағы № 774 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 11 тамызда № 39566 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 25.08.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 108 және 109-1-баптарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотынан ақшаны беру немесе аудару, сондай-ақ өндіріп алынған ақшаны өзге сот орындаушыларындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша бөлу және олардың қызметіне ақы төлеуге арналған ақшаны бөлу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 25 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сарсембаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 11 тамыздағы
№ 774 бұйрығымен
бекітілген

Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотынан ақшаны беру немесе аудару, сондай-ақ өндіріп

алынған ақшаны өзге сот орындаушыларындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша бөлу және олардың қызметіне ақы төлеуге арналған ақшаны бөлу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотынан ақшаны беру немесе аудару, сондай-ақ өндіріп алынған ақшаны өзге сот орындаушыларындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша бөлу және олардың қызметіне ақы төлеуге арналған ақшаны бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 108, 109-1-баптарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің төлем құжатын орындау тәртібін қоспағанда, өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотынан ақшаны аудару тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ өндіріп алынған ақшаны өзге сот орындаушыларындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша бөлу және олардың қызметіне ақы төлеуге арналған ақшаны бөлу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) төлем тапсырмасы – ақша жөнелтушінің өз банкіне немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы төлем құжатында айқындалған ақша сомасын бенефициардың пайдасына аудару туралы нұсқау беруін көздейтін төлем құжаты;

2) атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – Цифрлық жүйе) – атқарушылық іс жүргізулерді электрондық нысанда есепке алуды, сот орындаушысының процестік әрекеттерін автоматтандыруды, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу тараптарының атқарушылық іс жүргізу барысы туралы деректерді алуын жүзеге асыруға арналған цифрлық жүйе;

3) уәкілетті орган – атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3. Жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына түскен ақшаны аудару және бөлу Заңның 108-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотынан ақша қолма-қол ақшасыз нысанда ғана аударылады.

2-тарау. Жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотынан ақшаны аудару тәртібі мен мерзімдері

5. Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотқа ақша түскеннен кейін жеке сот орындаушысы төлеуші және төлем мақсаты туралы мәліметтер негізінде түскен ақшаның атқарушылық іс жүргізуге тиесілігін айқындайды.

6. Жеке сот орындаушысы Цифрлық жүйе арқылы Қазақстан Республикасының аумағында борышкерге қатысты өзге атқарушылық іс жүргізулердің бар-жоғын дереу тексереді.

7. Жеке сот орындаушысы борышкерге қатысты өзге атқарушылық іс жүргізулердің бар екенін анықтаған кезде Қазақстан Республикасының аумағында өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Борышкерге қатысты өзге атқарушылық іс жүргізулер болмаған жағдайда, жеке сот орындаушысы өзінің орындауындағы атқарушылық құжаттың талаптарына сәйкес ақшаны өндіріп алушыға аударды.

9. Осы Қағидалардың 13-тарауында белгіленген мән-жайларды қоспағанда, өндіріп алынған ақша жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей аударылады.

10. Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотқа түскен ақшаны аудару үшін жеке сот орындаушысы өндіріп алынған ақшаны бөлу туралы қаулы шығарады.

11. Өндіріп алынған ақшаны бөлу туралы қаулының негізінде жеке сот орындаушысы "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) сәйкес төлем тапсырмасын қалыптастырады және оны орындау үшін тиісті екінші деңгейдегі банкке жібереді.

12. Төлем тапсырмасын қалыптастыру кезінде жеке сот орындаушысы алушының банктік деректемелерінің өзектілігін тексереді.

13. Мынадай мән-жайлар болған кезде ақша жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына түскен күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей аударылады:

1) атқарушылық іс жүргізу материалдарында алушының өзекті деректемелердің болмауы (мемлекет пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда);

2) өндіріп алынған ақшаны шетелдік банкте ашылған банктік шотқа не Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын өндіріп алушыға аудару;

3) аударылуға жататын ақшаны өндіріп алудың заңдылығына, тиесілігіне, мөлшеріне не бөлу тәртібіне тікелей байланысты жеке сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау.

Бұл ретте сот тәртібімен шағым жасау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнінен асқан жағдайда, ақша сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударылады.

14. Ақшаны өндіріп алушыға аударғаннан кейін жеке сот орындаушысы борышкерден өндіріп алынған сома туралы мәліметтерді Цифрлық жүйеге енгізеді. Ақшаның аударылғанын растайтын құжаттар Цифрлық жүйедегі атқарушылық іс жүргізу материалдарына қоса тіркеледі.

15. Екінші деңгейдегі банк төлемді қайтарған кезде жеке сот орындаушысы қайтару себептерін анықтайды және ақшаны қайта аудару жөнінде шаралар қабылдайды.

16. Ақша жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына қате аударылған кезде жеке сот орындаушысы оны аударушыға қайтару жөнінде шаралар қабылдайды.

17. Жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операциялары жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған, лицензиясынан айырылған не ол Республикалық палата мүшелігінен шығарылған жағдайларда тоқтатыла тұрады.

18. Жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру уәкілетті органның немесе оның аумақтық органдарының өкімі негізінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 354 " Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған, сондай-ақ Республикалық палата мүшелігінен шығарылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қағидаларын және өкімнің нысанын бекіту туралы" бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21209 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

19. Заңға сәйкес атқарушылық іс жүргізу берілген жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотынан ақшаны өзінің өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына аудару үшін банкке не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) уәкілетті органның жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату не лицензиясынан айыру туралы шешімі;

2) жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының атқарушылық іс жүргізулерді басқа жеке сот орындаушысына беру туралы, жеке сот орындаушысының тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірін, сондай-ақ оның лицензиясының нөмірін қамтитын шешімі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған төлем құжаты.

20. Банк не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін және уәкілетті органның немесе оның аумақтық органының шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін (ол болған кезде) кері қайтарып алғаннан кейін лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотынан атқарушылық іс жүргізу берілген жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотына ақша аударуды жүзеге асырады және ағымдағы шотты жабады.

21. Борышкерлерден өндіріп алынған талап етілмеген ақша және мүдделі тұлғаларға арналған басқа да сомалар, оның ішінде орындау жөніндегі шығыстарды өтеуге арналған сомалар жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотында аталған шотқа аударылған кезден бастап 5 (бес) жыл өткен соң жеке сот орындаушысының ұсынуы бойынша сот актісінің негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде бюджетке аударылады.

22. Өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоттағы ақша жеке сот орындаушысының кірісі болып табылмайды және жеке сот орындаушысы ақшаны негізсіз ұстап қалу және аудару үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

3-тарау. Өндіріп алынған ақшаны өзге сот орындаушыларындағы атқарушылық іс жүргізулер бойынша бөлу

23. Өзге атқарушылық іс жүргізулер анықталған жағдайда өндіріп алынған ақшаны бөлуді жүзеге асыратын жеке сот орындаушысы келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Заңның 110, 111 және 112-баптарында белгіленген кезектілікке сәйкес талаптары басым болып табылатын не бір кезектегі атқарушылық іс жүргізулерге жататын басқа атқарушылық іс жүргізулер орындауында тұрған сот орындаушыларына сұрау салу жібереді.

Сұрау салуда атқарушылық құжаттың көшірмесін, берешек қалдығы туралы мәліметтерді және өндіріп алынған ақшаны бөлу үшін банктік деректемелерді ұсыну сұралады.

24. Өндіріп алынған ақшаны бөлуді жүзеге асыратын жеке сот орындаушысының сұрау салуын алған сот орындаушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде өндіріп алынған ақшаны бөлуге қосылу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді жібереді.

25. Сот орындаушысы өндіріп алушыға оның талаптарын Заңға сәйкес қанағаттандыру кезектілігінің тәртібін түсіндіреді.

26. Қажетті мәліметтерді алғаннан кейін өндіріп алынған ақша осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес бөлінеді. Бір кезектегі талаптарды толық қанағаттандыру үшін ақша жеткіліксіз болған кезде ол берешек сомаларына пропорционалды түрде бөлінеді.

4-тарау. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеуге арналған ақшаны бөлу

27. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу Заңның 118-бабының талаптарына сәйкес атқарушылық құжат толық немесе ішінара орындалған жағдайда ғана жүргізіледі.

28. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақыны Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 416 "Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32907 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 416 Бұйрық) бекітілген мөлшерден асырып өндіріп алуға жол берілмейді.

29. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы өндіріп алуға жатпайтын не қате немесе артық есепке жатқызылған ақша ретінде борышкерге немесе төлеушіге қайтарылуға жататын сомалар есебінен төленбейді.

30. Ақшаны бөлуді жүзеге асырған жеке сот орындаушысы № 416 Бұйрықпен бекітілген мөлшерлерде өз қызметіне ақы алады.